

Бекітемін:



*«Қызылорда облысының білім басқармасының
«Қызылорда ауданы бойынша білім бөлімінің
№21 «Алтауыс» бөбекжай – балабақшасы
КМҚК-ның меңгерушісі:*

Э.Нурмағанбетова

Вариативтік компонент:

«Ұлттық ойын»

«Балдәурен» ортаңғы тобы

Тәрбиешілер: Назарбаева Айгуль

Болат Айда

2021 оқу жылы

Түсінік хат

Ойын – мектеп жасына дейінгі балалар іс-әрекеттерінің негізгі түрі. Ойын – баланың, бүкіл балалар коллективінің дамуында басты роль атқарады. Балаларға ұлттық ойындар арқылы халқымыздың тарихын, мәдениетін таныстыру қолға алынған. Жинақтағы ұлттық ойындардың тәрбиелік мәні зор. Мектепке дейінгі мекемеге әдістемелік құрал болып табылады.

Алғы сөз

Мектеп жасына дейінгі балалардың қоғамдық құбылыстарды, қоғамдағы ересек адамдардың іс-әрекетін өз түсінігінше әрекеті арқылы бейнелеуі ойын болып саналады. Ойынның шығу тарихына шолу жасауда көңіл аударатынымыз ол еңбекпен, өнермен, қоршаған ортамен тығыз байланыста дамыған, яғни ойынды өмірден ажыратып қарай алмаймыз балалар тек ойнап қана қоймайды, сонымен бірге ойлайды аңғарады көп нәрсені білуге, зерттеуге талпынады. Олар бірдеңе жасап қана қоймайды, сондай-ақ заман ағымына да белсене қатысады.

Аса көрнекті үздік педагог Н.К.Крупская қимылды ойын жөнінде былай деп толғанады: «Ойын – өсіп келе жатқан бал организмнің қажеті. Ойында баланың дене күші артады, қолы қатайып, денесі шыңдала түседі, көзі қырағыланады, зеректілігі, тапқырлығы, ынтасы артып жетіле түседі. Ойында балалардың ұйымдастырушылық дағдылары қалыптасып шыңдалады». Ұлттық ойындарымыз балаларға тәрбиелік мәнімен, дене бітімінің әсем де сымбатты болып бітуге пайдасы зор. Бір-ақ мысал келтіріп кетейін: «Қуыр-қуыр, қуырмаш» ойыны балалардың саусақ маторикасын дамытуға, тіл байлығын жетілдіруге, көңілін көтеруге қолдануға болады.

Балаларды қазақ халқының ұлттық ойындарымен, ойната отырып жан-жақты тәрбиелейміз.

Бағдарламаның мақсаты – мектеп жасына дейінгі балаларға ұлттық ойындарын үйрету арқылы олардың жан-жақты үйлесімді дамуына жағдай жасау.

Міндеттері:

- дене белсенділігін, шапшандықты, ептілікті дамыту;
- танымдық, шығармашылық, зияткерлік қабілеттерін арттыру;
- ұлттық құндылықтар мен ұлттық ойындарға баулу;
- балалар мен педагогтердің ықпалдастығын қолдау.

Бағдарлама Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандартына сәйкес әзірленген.

Күтілетін нәтиже

- ой-өрісі кең, дүниетанымдық қабілеті жоғары, өнертапқыш, дарынды, талантты, ізденгіш, алдына мақсат қоя білетін тұлғаны тәрбиелеу;

Күтілетін нәтиже:

Бала біледі:

- бала ұлттық ойындарды үйренеді, ойын ережесі, әдіс-тәсілдері туралы түсінік алады, топтық жұмыс істеуге үйренеді.

Бала меңгереді:

- бала мергендікті, ептілікті меңгереді, бұған қоса аяқ-қолдың қимылын жақсартып, денсаулығына көп пайда әкеледі.

Бала жасай алады:

- ұлттық ойынға деген қызығушылығы артады, өз өсімімен ұлттық ойындардан ойнай алады;

- топпен жұмыс жасауды үйренеді, жеңімпаз болуға талпынады;

Бағдарламаны іске асыруда педагогтар балаларды тәрбиелеу мен дамытуды ұлттық құндылықтармен ұштастыра отырып, өз тәжірибесінде ұлттық ойынын ойнатудың жаңа инновациялық әдістерін қолдануға мүмкіндік береді.

«Ұлттық ойын» мектеп жасына дейінгі балаларды тәрбиелеу мен оқыту үшін қолайлы және қауіпсіз, балалардың жас және жеке мүмкіндіктеріне сәйкес толық қамтитын, денсаулығын нығайтуды және ойнап отырып ойлануға, бәсекелестікке қабілетті жеке тұлға қалыптастыруға жетелейтін озық технология.

Қазақтың қазақ болып қалуының бір жолы атадан балаға мирас болып келе жатқан ұлттық құндылықтарымызды қайта жаңғырту, ұлттық ойындарды бүгінгі балалардың ойын құралына айналдыру, өскелең ұрпақтың қазақ мәдениетіне, ұлттық ерекшеліктерімізге деген құрметін арттары сөзсіз.

«Ұлттық ойын» вариативті бөлігінің тақырыптық жоспары.

№	Тақырыбы	Мақсаты
1	«Тақия тастамақ»	Балаларды жылдамдыққа зеректілікке тәрбиелеу. Сөздік қорын, тілін дамыту. Ұлттық тәрбиеге баулу.
2	Тауық күрес	Балаларды жылдамдыққа, шапшандыққа, мықтылыққа тәрбиелеу.
3	Соқыр теке	Балаларды зеректілікке, тапқырлыққа тәрбиелеу.
4	Хан «алшы»	Балаларды көздеп лақтыруға, мергендікке үйрету.
5	Көтермек	Балаларды жылдамдылыққа, шыдамдылыққа тәрбиелеу
6	Орамал тастамақ	Балаларды байыптылыққа, ұстамдылыққа, ептілікке үйрету.
7	Ақсерек-көксерек	Жүгіруге, шапшандыққа, ұйымшылдыққа, тілін дамытуға үйрету. Ұлттық тәрбиеге баулу
8	«Асық ату» ойыны	Балаларды көздеп лақтыруға, ептілікке ұстамдылыққа тәрбиелеу
9	«Хан» ойыны	Балаларды байыптылыққа, ұстамдылыққа, ептілікке үйрету
10	«Қол күрес» ойыны	Балаларды батылдыққа, батырлыққа, шыдамдылыққа тәрбиелеу
11	«Тенге алу» ойыны	Жүгіруге, шапшандыққа белгі бойынша әрекет жасауға үйрету. Ұлттық тәрбиеге баулу

12	«Сақина тастамақ» ойыны	Жүгіруге, шапшандыққа белгі ооыынша әрекет жасауға үйрету. Ұлттық тәрбиеге баулу.
13	Айгөлек» ойыны	Жүгіруге, шапшандыққа, ұйымшылдық қа, тілін дамытуға үйрету. Ұлттық тәрбиеге баулу.
14	«Арқан тартыс» ойыны	Күштілікке, батылдыққа, ұйымшылдыққа тәрбиелеу. Ұлттық тәрбиеге баулу
15	«Көлеңке»	Жүгіруге, шапшандыққа, ұйымшылдық қа, тілін дамытуға үйрету. Ұлттық тәрбиеге баулу.
16	«Қыз куу»	Балаларды батылдыққа, сыпайылыққа, шыдамдылыққа тәрбиелеу
17	«Ақ сандық, көк сандық»	Жүгіруге, шапшандыққа, ұйымшылдыққа, тілін дамытуға үйрету.
18	Санамақ. Тасымақ	Ойынның шартымен таныстырып, сипап сезу, қасындағы балаларға сездірмеуді, құпия сақтауды үйрету. Белгі берілгенде шапшандықпен орнынан тұрып, менде деген жауапкершілікті сезінуге үйрету

Пайдаланылған әдебиеттер

1. Қазақстан Республикасы «Білім туралы» Заңы.
2. Қазақстан Республикасының «Қазақстан Республикасындағы баланың құқықтары туралы» заңы
3. «Мектепке дейінгі тәрбие және оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің
4. «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы».
5. Қазақтың этнографиялық категориялар, ұғымдар мен атауларының дәстүрлі жүйесі. Энциклопедия.
6. Қазақ мәдениеті. Энциклопедиялық анықтама.
7. «Сен білесің бе?» мектеп жасына дейінгі балаларға арналған этнографиялық кітапша. «Аруна» баспасы, 2001ж.
8. А.Т. Акажаңова, Б.П.Мырзатаева. «6-7 жастағы балалардың ұлттық психологиясын қалыптастыру. Алматы, 2008ж.
9. З.А.Нусипова, Т.М.Илиев. «Оқу-тәрбие үрдісінде жаңа инновациялық әдістерді қолдану жолдары». Алматы, 2008ж.
10. Оразақын Асқар. «Ұлттық ойындар». Алматы, «Балауса» баспасы,
11. Е. С. Сағындықов. Қазақтың ұлттық ойындары. — Алматы: «Рауан» баспасы, 1991 ж.